



ҚАЗАҚ

УНИВЕРСИТЕТІ

№ 08 (1323) 28-қазан, 2003 жыл



Газет 1948
жылдың 20
сәуірінен шыға
бастады

Тұсаукесер



ұмытылмас ерекше алтын кезі. Бөріміз де сіздер секілді студент болдық. Ал, бүгін, міне, алдарыңызға шығып сөйлеп тұрмыз. Уақыт деген құмсағаттай сырғиды. Бірақ, сол уақытты мәнді де мағыналы өткізу керек. Еліңнің айбынды азаматы болуыңа ұмтылған абзал. Сендердің басты міндеттерің терең білім алып, елімізге өз үлестеріңді айрықша қосу. Ендеше, болашағың дұрыс ойлаған сендерге қадамдарыңыз құтты болсын демекпін!” - деп ішкі тебіренісін ағынан ақтарыла айтты. Сондай-ақ, таяуда Атырау қаласында өткен “Жас толқын-2003” респу-

“Қозы мен Баян” байқауының жеңімпаздары қойлымындарынан үзінді көрсетсе, университетіміздің “Көңілді тапқыштар клубы” астарында мәні бар әзілдерімен көрермендерді бір серпілті. Ал, “Жас толқын - 2003” фестивалінің дипломанты атанған студенттер би тобы көңілді қимылдарымен жиналған қауымның жүрегінен жол тауып жатты. Осы мерекелік



Б.Әшірбаевтың “Қоштасқым келмей... қоштастым” өнінің де тұсауы кесілді. Оны белгілі өңші Саят Медеуов орындады. Меркелік кеш соңында рек-

МЕН - ҚАЗҰУ СТУДЕНТІМІН!

Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындары ішіндегі бірегейі және көсемі болып саналатын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ізгі істерде шапшаңдық танытып, жоғары мәртебеге ие болып келеді. Сондықтан да болар, мектеп табалдырығын тоздырып, бізді таңдаған талапкерлер саны жыл сайын ұлғая түсуде. Білім-ғылым іздеген жалындаған жастар ғұлама әл-Фарабидің шаңырағында дәріс тыңдап, қол бұлғаған армандарына жетіп, маңызды білім алып таланттарын шыңдауда. Осыған орай, қазанның 16-17 күндері Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ҚазҰУ-дің жетпісінші талапкері атанған 1 курс студенттері үшін “Мен - ҚазҰУ студентімін!” атты студент қатарына қабылдауға арналған мерекелік тұсаукесер рәсімі болып өтті.

Аталмыш кештің ажарын ашқан Юрий Копнов “Отырар тойы” өнін орындап, көпшілік қауымның ықыласына бөленді. Бұл маңызды кеш әрбір азамат үшін абыройлы екендігін меңзеп, ҚазҰУ-дің ректоры,

физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов мырза құттықтау сөзінде: “Бұл студенттік шақ - адамның



бликалық жастар фестивалінің жеңімпаздары журналистика факультетінің 4 курс студенті Құмарова Меруерт пен дипломат атанған мың бұралған бишілерді шын жүректен марапаттап, сахна төрінде студент қатарына қабылданғандарға студенттік билетті салтанатты түрде тапсырды.

Тұсаукесерде қалаған мамандығының иесі болып, еліме елеулі септігімді тигізсем деген ниетпен келген кешегі талапкер, бүгінгі студенттер ант қабылдады. Кеш барысында

кешке Түркістан қаласынан ат терлетіп келген қонағымыз Нұржан Қалжан Тоқтағұлдың термесін орындап, бұлбұл дауысымен эстетикалық сезім ұялатты. Сондай-ақ, университетіміздің республикаға танымал белсенді пікірсайысшылары “Азамат” телебатынан көрініс қойып, университеттің табалдырығын аттаған студенттерге дұрыс жол таңдағандығын дәлелдей түсті. Ал, келешегінен үлкен үміт күттіретін Қарсыбаева Әсел мен қаламызға жете таныс “Жанартау” тобы өсерлі өндерімен әдемі әр берді. Осы кештің бір ерекшелігі, студенттердің тұсауымен бірге ақын Б.Жақыптың сөзіне жазылған өуесқой композитор

тор Т.Қожамқұловтың адамның жан дүниесін тебірентетін “Ой толқыны” күйін “Фараби сазы” ұлт-аспаптар оркестрі құлақтың құрышын қандырып орындаса, ұлттық құдірет сыйлайтын “Қазақ елі” өні асқақ сезімге бөлеп жатты. Кеш өрі қарай ҚазҰУ студенттерінің қоғамдық ұйымдары өзірлеген көрмемен жалғасты.

Ы.ДҮЙСЕМБАЙҰЛЫ



БҮГІНГІ

САНДА:

БАТЫРЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ ДАНАЛЫҚТА



3-бет

ШАХАНОВ ЖАҚҚАН ШЫРАҚ



2-бет

РУХАНИ ОРТАЛЫҚТЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Біздің университет әлімсақтан игі істерімен жастар болашағына даңғыл жол ашып келеді. Оны бүгінге дейін жеткен жетістіктеріміз бен әлемдік деңгейде алатын ерекше орнымыз дәлелдейді. Тағы да маңызды шаруалардың жалғасы іспетті, жастардың таланттарын шыңдау мақсатында 25 қыркүйек күні Жастардың рухани орталығы өз есігін айқара ашты.

5-бет



ҚазҰУ студенттері “Жас толқын” дипломанттары

6-бет



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

Қыркүйектің 23 жұлдызында өткен Ғылыми Кеңес мәжілісінде 2002-2003 оқу жылындағы университет қызметі және ұжымның жаңа оқу жылындағы міндеттері жөнінде ректор Т.Ә.Қожамқұловтың баяндамасы және Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Ж.Д.Дәдебаевтың жазғы емтихан сессиясының қорытындысы туралы қосымша баяндамасы мазалаған бірқатар сұрақтарға нақты жауап болды. Сонымен қатар, университетте мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту жөнінде тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Л.С.Дүйсембекованың тағылымды ақпары жасалып, 2003 жылғы қабылдау комиссиясы жұмысының қорытындысы туралы осы саланың жауапты хатшысы М.Мұхамедиевтің хабарламасы тыңдалды.

РЕКТОРАТ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің 2003 жылғы 10 қазан күнгі Ректорат мәжілісінде 2003 жылғы жаз маусымындағы емдеу-сауықтыру лагерінің жұмысы жөнінде Емдеу-сауықтыру лагерінің директоры Н.Ж.Болсамбековтың есеп беру баяндамасы жасалса, факультеттердің тапсырыстары бойынша ғылыми кітапхана қорын толықтыру туралы кітапхана директоры Е.Ж.Әбілқайырованың хабарламасы маңызды мәселе ретінде аталып өтті.

Ал, оқыту бағдарламаларын жетілдіру хақында жаратылыстану және гуманитарлық мамандықтар бойынша республикалық базалық оқу-әдістемелік бірлестігі қызметінің ғалым хатшысы Г.Н.Паршинаның хабарламасы тыңдалды.

Игі шара

**ЖЕТІМДІ КӨРСЕҢ,
ЖЕБЕЙ ЖҮР**

22 қазан күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің "Парасат" кәсіподағының ұйымдастыруымен Қаскелеңдегі жетім балалар үйіне қайырымдылық көмек көрсетілді.

Бұл жолғы қайырымдылық акциясының басты мақсаты — қарлығаштың қанатымен су сепкендей аз да болса жетім әрі мүгедек балаларды желеп-жебеу, өз тарапымыздан көмек көрсетіп, көңілдерін көтеру. Сонымен бірге жетім балалар үйіне филология факультетінің Орыс тілі кафедрасының аға оқытушысы Н.С.Рыгалова, деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.М.Бегалиева, филология факультетінің кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Т.Көкішевтер қатысып, балаларды аналық мейірімге бөледі. Филология факультетінің студенттері өнерлерін ортаға салып, кішігірім концерт қойды. Мұндай игі шара бұдан былай да жалғасын табады деген үміттеміз.

Өз тілшімізден

Дөңгелек үстел

Есірткіге жол жоқ!



Биылғы жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Салауатты өмір салтын қалыптастыру ұлттық орталығы арасында екіжақты келісім шартқа қол қойылған болатын. Осыған байланысты университет пен "Парасат" кәсіподағы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының "Салауатты

университеттер" жобасы бойынша жұмыстарын бастап кетті. Осы жоба аясында 10 қазан күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультетінде "Есірткіге жол жоқ!" атты дөңгелек үстел болып өтті.

Нашақорлықтың алдын алу, жастарды одан алшақ ұстау — бүгінгі қоғамның алдында тұрған үлкен мәселе. Нашақорлық - есірткі құрамдас, психотроптық, болмаса оларға ұқсас заттарға тәуелділіктен туындайтын, ағзаның өте ауыр және тұрақты тәндік, психикалық өзгеруіне, кейде өлімге өкеліп соқтыратын дерт. Нашақорлыққа көбінесе жастар бейім келеді екен. Психикалық тәуелділік қыздарда — 82%, ұл балаларда — 55%.

Дөңгелек үстел барысында болашақ заң мамандары нашақорлықты болдырмау және одан құтылу жолдарын, зиянын деректермен дәлелдеп, өз пікірлерін ортаға салды. Сонымен қатар, нарколог-дәрігер Р. Захуанова мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Тіршілік қауіпсіздігі кафедрасының меңгерушісі,

доцент З.Х. Ахмедиева студенттердің қойған сауалдарына жан-жақты жауап берді. Кітапхананың көпшілікпен жұмыс істеу бөлімінің меңгерушісі Н. Малдыбаева тәлімді сөзбен бірге аталмыш тақырыптағы газет-журнал материалдары мен кітаптарды студенттер назарына ұсынды. Дөңгелек үстеле заң факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ә. Сейітжанов пен доцент Н. Бергенова қатысты. Мұндай игілікті шаралар бұдан былай да жалғасын таба бермек.

Студенттер Ә. Құрманбеков, А. Әлібековалардың жасаған баяндамалары да дөңгелек үстел мәжілісіне жиналған жастарға ой салғаны анық. Осындай сауатты, салауатты жастар барда еліміздің болашағына сеніммен көз тастауға болады.

ҚазҰУ-дің Баспасөз қызметі

Әуезов әлемі

Ұлылық ұлағаты

Қыркүйек айының соңғы онкүндігі Әуезов апталығы деп аталады. Осыған байланысты Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен 1997 жылдан бастау алып келе жатқан ғылыми жиын биыл да жалғасын тапты. 26 қыркүйекте университетіміздің филология факультетінде "Әуезов және әлем әдебиеті" атты дәстүрлі Халықаралық ғылыми-теориялық конференция болып өтті.

Конференцияны Қазақстан Жазушылар Одағының бірінші хатшысы, жазушы Нұрлан Оразалин жүргізіп отырды. Факультет деканы Қ.Әбдеуұлының кіріспе сөзінен соң, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор З.Қ.Қабдолов, Қырғызстан ҒА Манастану орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор А.Ақматалиев, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор З.Бисенғали, Қырғызстан ҒА Манастану орталығының ғылыми қызметкерлері А.Жақсылықова мен С.Егімбаева және т.б. ғалымдар

М.Әуезовтің кезеңі, өмірі мен шығармашылық мұрасының зерттелуі жайында сөз қозғады. Пленарлық мәжілістен соң секциялық мәжілістер басталды. Секциялық мәжілістер: "Әуезов және әлем әдебиеті" (жетекшісі филология ғылымдарының докторы, профессор А.Жақсылықов), "Абай жолы" эпопеясы әлем тілдерінде (жетекшісі филология ғылымдарының докторы, профессор З.Бисенғали), "Әуезовтану мәселелері және әлемдік әдебиет" (жетекшісі филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Тұрысбек) деген тақырыптарда өтті. Үш секцияға бөлінген ғылыми-теориялық конференцияда Қытай, Түркия,

Қырғызстан делегациясында келген әдебиеттанушылар мен жергілікті ғалымдар Әуезов шығармашылығын әлем әдебиетімен байланыстырып, ғылыми және практикалық маңызы зор баяндамалар жасады.

М.Әуезов арқылы ұлттық әдебиетімізді халықаралық деңгейде насихаттау мақсатында ұйымдастырылған аталмыш конференция жоғары деңгейде өтті. Және алдағы уақытта да соны ойларын ортаға салып, әуезовтану ғылымының жаңа бір қырын танытады деген үміттеміз.

Жанар ӘМІРЖАНОВА,
филология факультетінің
4 курс студенті.



Кездесу

9 қазан күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің М.Әуезов және М.Сералин атындағы әдеби бірлестіктері Қазақстанның халық жазушысы, аса көрнекті ақын Мұхтар Шахановпен кездесу мәжілісін өткізді.

ШАХАНОВ ЖАҚҚАН ШЫРАҚ

Профессор З.Бисенғали М.Шахановтың өмірі мен шығармашылығы жөнінде баяндама жасап, филология факультетінің деканы Қ.Әбдеуұлы және журналистика, филология факультетінің оқытушылары С.Медеубекұлы, Ө.Әбдімановтар қазақтың қасиеті бойына ана сүтімен дарыған талантты ақышның жеткен биіктеріне көз жіберіп, ойларын ортаға салды. Кешті жүргізген С.Садырбаев "махаббат пен сүйіспеншілікті дәріптеп, екіжүзділік пен алауыздықты айыптайтын" арқалы ақынға дем беріп, салмақты пікірлерді әдемі әзілмен әдіптеп отырды.

Тегінде, Мұхтар Шахановты білмейтін қазақ кемде-кем. Өйткені, ол өзінің дарынымен, даралығымен тек қазақты ғана емес, әлемнің іргелі елдерін мойындатты. Шахановтың компьютербасты жарты адамдар концепциясы техникасы қарыштап дамыған жапондықтарды ерекше қайран қалдырған екен.

Қалыбы сағат санап сан құбылып отыратын заманда адамзатқа төніп тұрған қауіптен алдын-ала сақтандыруды көздеген ақынның парасат-пайымы терең. Бүгінгі демократияның жалауын желбіреткен қоғамның айтып жүргенінің бәрі шындық па? Жауап беруге жалтараңыз. Ал, ақын Мұхтар шын мәніндегі демократияға жету үшін алдымен рухани биіктеу, рухани тазару керектігін алға тартады.

Қазақы рух... Қазіргі қазақ жастарының жүрегінде иман, бойларында рух бар ма? Ақын осыған алаңдайды. Ұлттың ұлт болмағы рухының күштілігімен саралаңса керек. Әсіресе, өмірден орнын ойып ала қоймаған, орнықты пікірі қалыптасып үлгермеген жастардың рухани таяздығы ұлт болашағына кері әсер ететіндігі анық.

Мұхтар Шахановтың "Атлантиданы қиратқан алма" атты жаңа романы осы ойдан өрбіген. Бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелерге

тоқталып, "Шахановтық стильмен" қоғамның ащы шындығын көрсеткен.

"...Біз де жас болдық, жақсыны көрдік, жаманды көрдік, сүріндік, құладық. Әлі де солай келе жатырмыз. Мен өмірімде мындаған адамдардың жақсылығын көрдім. Жүз адамға жақсылық жасасаңыз, тоқсанынан жақсылық күтпеңіз, оны ғана жетеді", - дейді Мұхтар Шаханов. Бұл да ақынның көзі көріп, көңілі сезген ақиқаты.

Кездесу барысында ақын студенттер қойған сауалдарға жауап берді. Соңында өнерлі жастар Шахановтың өлеңдерін оқып, өн салды. Мұхтар ақын оқыған өлеңдер, ой-тұжырымдары жастарға жаңа леп, жақсы ой салғаны анық. Ендеше, қазақ елінің болашағына жауапты осы жастар Шаханов жаққан шырақтың жылуымен жылынып, жарығымен жол тауып жүрсе, құба-құп болар еді.

Торғын ТҮРЛЫБАЕВА

ҚазҰУ - 70

"ДЕКАНДАР ГАЛЕРЕЯСЫ" АШЫЛДЫ

Механика-математика факультеті университетіміздің 70-жылдық мерекесіне үлкен дайындық үстінде. Осы салтанатқа орай факультет тарихын таразылау үшін оқытушы-профессорлардан құрылған мерекелік комиссия жұмысқа қызу кірісіп кетті. Ақсақалдарымыз — профессорлар Қ.Қабдықайырұлы мен В.Ни тең төрағалық ететін бұл ұжымның еңбегі орасан зор. Комиссия мүшелері мұражай құжаттары ішінен университет ашылғанда оның құрамына енген екі факультеттің бірі — физика-математика факультетінің ең бірінші деканы, профессор Всеволод Федорович Литвиновтың фотосуретін тауып алды.

көлемді оқулықтың және бірнеше рет басылып шыққан еселтер жинағының авторы. Оқушы жастар мен факультет оқытушыларымен өткен бұл кездесуде ауылдағы қазақ мектебінің түлегі Маруанның Москва университетіне қалай түсіп, оны қалай аяқтағаны жайлы, ғылымды қалай игергені туралы ұзақ сыр айтылды. Өмірлік тәжірибесімен бөліскен кеш қонағының ақыл-ойымен жетекшілік ететін сәтисқан Өте қызықты өткен кездесу кеші

Бұл қуаныш ізденушілерді тағы бір игілікті іске құлшындырды. Ұстаз-ғалымдар 70 жыл ішінде факультетті басқарған барлық декандардың бейнелерін тауып, олардың фотосуреттерімен жабдықталған галерея ұйымдастыруды ұйғарды. Тарих беттері тағы да ақтарылды.

Университет тарихының жиырма бес жылы өткен соң, 1959 жылы, физика-математика факультеті екіге бөлінген. Соның бірі — бүгінгі механика-математика факультеті. ҚазҰУ-дің төл құрдасы саналатын бұл факультеттің өз кезегінде дербес екі факультетке айналып, қайта қосылғанынан хабардар оқытушылар да әр жылдары басқарушылық қызмет атқарған декандардың бәрі жайлы көп ештеңе білмейтін болып шықты. Ендеше, бұл тірліктің тәрбиелік мәні де зор.

70 жылда әр түрлі құрылымда болған факультетті барлығы 17 декан басқарған екен. Олар әр ұлт өкілдері. Ішінде Кеңестер Одағының астанасы Москвадан шақырылғандары да, факультет түлектері де кездеседі. Ең ұзақ басқарып, еңбегі өтіп, ел есінде кең сақталған — профессор Хасен Ыбырашев.

Міне, осындай және басқа да фактілерді жақында оқу ғимаратымызда ашылған "Декандар галереясынан" көріп, оқуға болады. Барлық декандар жайлы, олардың өмірі мен қызметі туралы баспаға дайындалып жатқан факультет тарихына арналған кітапта молырақ жазылуы тиіс.

Ал, біздер сөз соңында тағы бір декан жайлы айта кетпекпіз. Себебі, галереяны ашу құрметіне Дүниежүзілік қариялар күні мен Мұғалімдер күні қарсаңында өткізілген кездесуге арнайы шақырылған еңбек ардагері Маруан Нәдірханұлы Сағитов ие болды. Профессор М.Н.Сағитов 1971-1977 жылдары факультет деканы қызметін атқарған. Қазақ тілінде жоғары оқу орындары студенттері үшін теориялық механикадан академик Ө.А.Жолдасбековпен бірігіп жазылған екі томдық



Галерея алдынан студенттер легі үзілмейді

Механика кафедрасында мамандандырып жатқан өнерпаз студенттердің концертімен аяқталды.

Б.ӘБЕНОВ, механика-математика факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

8 қазан күні өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Наурызбай батырдың 300 жылдық мерейтойына орай “Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран” атты ғылыми-теориялық конференция өтті.

Наурызбай батырдың өмірі туған халқын жоңғар, қалмақ шапқыншыларынан қорғаумен өткен. Ол атақты Аңырақай шайқасына қатысып, жиырма үш жасында қалмақ батырлары Шамалхан мен Қаскеленді жекпе-жекте мерт қылады. Осыған орай, 1729 жылы Төле би, Қаз дауысты Қазыбек билердің ұйғаруымен Қозыбасы тауының ең биік шоқысында Наурызбай бас батыр атағын иеленеді.

Биылғы жылдың 25 қазан күні Наурызбай батыр қазақтың бас батыры атағын иеленген Қозыбасы тауында (қазіргі Алматы облысының “Дегерес” ауылы) батыр ескерткішінің ашылу салтанаты өтті. Қозыбасы тауының маңында орналасқан халық ежелден бас батыр шоқысын аса қадірлеп, қасиетті орын санаған. Дәл осы жерде Керейхан мен Жәнібек билер алғаш қазақ хандығының құрылғандығын жариялап, ту тіккен деген деректер бар.

Конференцияны университет ректоры Т.Ә.Қожамқұлов кіріспе сөзбен ашты. Наурызбай батырдың тарихта алатын орны, қазақ халқының жоңғар басқыншыларымен күресіндегі ролі, өмірлік жолы жөнінде ҚР ҰҒА Тарих және этнография институтының директоры М.Қ.Қойгелдиев, ҚазҰУ-дің Оқу-өдістемелік жұмысы жөніндегі проректоры Ж.Д.Дәдебаев, философия және саясаттану факультетінің деканы Ф.Есім, т.б. көрнекті ғалымдар мен қайраткерлер баяндама жасады. Сонымен қатар, конференцияға Наурызбай батырдың ұрпақтары қатысты.



өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білікті маман даярлау проблемасы жоқ. Өз ісінің қыр-сырын жақсы білетін шәкірттерді керекті деңгейде баптап-баулып, ертеңгі өмірге қанаттандырып жатырмыз. Мәселе басқада болып тұр. Адам тәрбиелеп, бүгінгі заманға сай азамат қалыптастыру – міне, негізгі бағыт-бағдар, басымдық берілуі тиіс ұстанымның бірі осында жатыр! Демек, бүгінгі конференциямыздың “Ерлік - елге мұра, ұрпаққа ұран” деп аталып, оған арнайы студенттердің қатыстырылуында үлкен тәлім-тәрбиелік мән бар. Қазақ тарихында Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлармен есімі қатар аталатын Шапырашты Наурызбай батырдың 300 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-теориялық конференцияның негізгі мақсаты осы ниеттен келіп туғаны аян. Сол арқылы елдігімізді білдіру.

Бір анығы, бұл дүниеде ең құнды құбылыс - адамның өзі. Ал, одан кейінгі ретте адам мекен еткен туған жері турары хақ. Ол жағына келсек, жер көлемі бойынша Қазақстан дүниежүзінде тоғызыншы орында екен. Бұл -

ұшымен, даналықтың күшімен” деген ақиқатқа жақын. Даналығы жоқ адамның қайраты да болмайды. Батырлықтың негізінде ақылдылық жатыр. Мысалы, осы тарихи деректерде Шапырашты Наурызбай жетпіс бес жасқа келді делінеді. Қаншама шайқасқа түсіп, оқ пен оттың арасында жүріп жетпіс бес жасқа жету оңай олжа емес. Жырым жасында оқ пен қылыштан мерт болып, қыршын кетуі мүмкін еді ғой. Ол ненің арқасы? Ол - батырдың ақыл-парасатының кемелділігінің арқасы. Нағыз батыр бейбітшілік сүйгіш болады.

Құдайға шүкір, мұндай жер, мұндай байлық басқа елде жоқ, болса бірен-саран ғана. Жақында біз иссапармен Италияға, оның алдында Грецияға барып келдік. Греция өзі шағын ғана жер. Сонда еңбектеніп жатыр. “Греция – құдайлар мен философтар елі” деп бекер айтылмайды. Олардың өмір сүру, оған деген көзқарасы қазіргі тұрғыдан қарағанда мүлдем өзгеше. Бірақ жөндеп үңісек, біздің ата-бабамыздың өмір сүрген салтымен ұқсастық барын аңғарамыз. Мұны олардың өмірді қастерлеу, адамның өзін бағалау ұстанымдарынан білесіз.

Кейде біздің жастар туған күнінің тезірек болғанын аңсап немесе көрші үйдің тойы қашан өтерін күтіп асығып жатады. Ертеңгі күнін күтумен болады. Көп ретте уақыттың ең қымбат қазына екендігін ұмытып қояды. Ал, біздің ата-бабаларымыз өр өткен сәтін санап, “қап, бір күн өтіп кетті-ау!” деп өкініп отыратын. Біз барғанда сол гректердің бір ауқатты, елге танымал адамы қонаққа шақырды. Теңіздің жағасында патшалар сарайы деуге болатын үлкен ғимараты бар екен. Бала-шағасы, өзі тұру үшін салдырыпты. Әзірге келіншегі екеуі ғана тұрып жатыр екен. Қызмет, білім қуып әр баласы өр жаққа кеткен. Алып, әсем салынған үй. Нағыз өнер туындысы дерсің. Өте сәнді. Керемет сәулетті. Қазір біздің елде де бой көтеріп жатқан жақсы құрылыстар бар-ақ. Дегенмен, өлгімен салыстырғанда біздікі түйенің қасындағы қозы сияқты. Енді бөріміз пендеміз ғой. Тұра қап қожасынан қашан, қалай салынғанын, қанша қаражат кеткенін сұрап жатырмыз. Сонда ол кісінің бізге беріп жатқан жауабы мынау: “Сәті келіп, жолым болып мына жер менің уысыма түсіп қалды. Уыстай ғана, кішкентай ғана аумақ. Әкемнен аз ғана қаржы алып, жол салынып жатқанда иеленіп қалдым”. Қаранышы, ол бізге жердің жағдайын айтып отыр, біз үстінде тұрған нәрсені сұрап тұрмыз ғой. Ол біздің сұрағымыздың мәнісін тіпті түсініп отырған жоқ. Жері болса, оны бүгін мынандай, ертең анандай қылып салып алады. Сұраушыларға жердің жағдайынан сыр шертуде. Ендеше, дүниедегі ең құнды нәрсе адам баласы, содан кейін мемлекеттігіміздің алғышарты саналар бабадан қалған ұланғайыр жеріміз.

Реті келіп тұрғанда айта кетерлік тағы бір мәселе бар. Ол бөрімізге белгілі Ыбырай Алтынсаринге қатысты. Біз ағартушы-ұстаздың негізгі мақсат-мұраты, арман-тілектері қандай болғанын толық білеміз бе? Таяуда университет ғалымдары “Қазақ хрестоматиясы” кітабын екінші рет толық нұсқасында басып шығарды. Бұрынғы нұсқасында мынандай жолдар бар болатын:

“Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық,
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілгенің алдыңнан
Іздейі-ақ табылар...”

Кешегі Кеңес өкіметінің тұсында адамдардың көбі оқып-тоқып, диплом алсам болды Құдайдың жанына жақындап қалады екенмін деп ойлады. Өздерін “екінші жаратушы” санап, адамның тағдырына әсер ету мүмкін деп білді. Қазір алып қарасақ, кітапта жоғарыда аталған өлеңнің бір жолы сол кездегі саясаттың ықпалымен жазылмай қалыпты. Оның басы “Бір құдайға сиынып, кел, балалар оқылық” деп басталады екен.

Бүгінгі таңда кім болса да, қанша оқысаң да Құдай бола алмайсың, істеген еңбек, сіңірген білімді халқыңа жұмсалуды керек. Бойыңдағы күш-қуатың, ақыл-ойың, парасат-білігің - бәрі де еліңнің бүгінгі мен болашағы үшін арналып тұрмағы шарт. Сонда ғана сен білімді адамсың. Осы мәселе келе жатқан жас буының санасында мықтап бекімегі абзал. Солардың күнделікті жағдайы болуы керек. Жаңағы Ы.Алтынсаринді ойлап отырмын. Не деген дана адам! Нағыз халық ағартушысы!

Қорыта айтқанда, бүгінгі конференцияға біздің ұжым үлкен дайындықпен келіп отыр. Оған тізімде көрсетілген баяндамашылар санының 30-дан асып жығылуы-ақ күә. Олардың негізінде таяу күндерде кітап басып шығару ойымызда бар. Сонымен, Шапырашты Наурызбай батырдың 300 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-теориялық конференцияны ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

БАТЫРЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ ДАНАЛЫҚТА

Қымбатты ғылыми-теориялық конференцияға қатысушы ғалымдар мен ұстаздар қауымы! Аса құрметті мәртебелі меймандар! Құрметті студент жастар!

Бүгін еліміздегі білім мен ғылымның қара шаңырағына айналған өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми Кеңесінің үлкен залында “Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран” атты ғылыми-теориялық конференция өз жұмысын бастағалы отыр. Осында жиналғандардың бәрі де аталмыш тақырыпқа тікелей қатысы бар азаматтар екені анық. Мен алқалы жиынға қатысушыларға арналған кіріспе сөзімде білім ордамыздың бүгінгі тыныс-тіршілігіне аз-кем тоқталып, жетпіс жылдық қарсаңында жеткен жетістіктеріміздің негізгілерін атап өткім келеді.

Жалпы, қазір Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев білім мен ғылым саласына да үлкен көңіл бөлуде. Бүгінгі ең басты мәселенің бірі - ғылым мен білім саласын осы заманға лайықтау, оны қоғамдық сұранысқа сай икемдестіру болып отыр. Бізде ол жұмыстар өз ырғағымен жүріп жатыр.

Баршаңызға мәлім, ҚазҰУ - еліміздегі жоғары оқу орындарының көшбастаушысы, классикалық үлгідегі университеттер санатына



жатады. Жақында ғана, 16 қыркүйек күні Италияның Болония қаласында ҚазҰУ Қазақстан мен Орта Азия елдерінде бірінші болып Университеттердің Ұлы Хартиясы - “Болония келісіміне” қабылданды. Бұл - дүниежүзінің маңдайлабы 450 білім ордасы қол қойған мәртебелі құжат. Сөйтіп, біз осы арқылы әлемдік деңгейдегі білім-ғылым кеңістігіне жол аштық. Бұл дегеніміз, біздің университетті бітірген түлектердің дипломы келісімге қол қойған барлық елдің аумағында жарамды деп танылатындығын білдіреді. Ал, оған 40 елден 450 университет қол қойған. Италия сапарынан біз соған қол жеткізіп оралдық. Бұл, әрине, Елбасымыздың қамқорлығының, білім мен ғылымға айрықша мән беруінің арқасында ғана мүмкін болып отырған үлкен оқиға.

Қазір біздің университетте 15 мыңнан астам студент оқиды. Жалпы, студенттер саны басқа университеттермен салыстырғанда аздау, көптеу бола беруі мүмкін. Меніңше, ЖОО-дағы сапалық көрсеткішті айқындаушы негізгі фактор аспирантура мен докторантурада жатыр. Ал, біз 63 мамандық бойынша докторлар дайындаймыз. Осы күні университетте Қазақстанның әр тарапынан келген 2500-ден астам аспиранттар мен докторанттар бар. Ұжым қарамағында 7 ғылыми-зерттеу институты бар. Бұрын, Кеңес өкіметі кезінде, университеттер бөлек, ғылыми-зерттеу

институттары бөлек болатын. Қазіргі ТМД елдерінде “оқу процесінің ғылыммен интеграциялануы” деген терминология қалыптасып келе жатыр. Бұл саладағы интеграция ұғымын Еуропа жұртшылығы онша түсіне бермейді. Олар үшін бұл о баста солай болуы керек процесс. Себебі, ғылымның бәрі университеттерде жасалады. Онда жас мамандар ғылымға келіп жатады, уақыт өте буын алмасып, қалыптасқан үрдіс ары қарай беріліп отырады. Оның үстіне, ғылымға жұмсалатын қаржы елге қайтуы керек. Ал, ғылым университеттерде жасалып жатса, ол жас мамандардың білімі ретінде қайтарылады. Ендеше, біз сол жолды қазір алғашқы болып қолға алып келе жатырмыз. Негізінен университеттегі 14 факультетте даярланатын 100-ге тарта мамандық иелерімен осы бағытта басымырақ жұмыс істейміз.

Қазіргі таңда бізде 300-ге жуық ғылым докторы, профессорлар мен 800-ден астам ғылым кандидаты, доценттер еңбек етуде. Және бұл тек жай арифметикалық жиынтық қана емес, олардың әрқайсысы бір-бір мектеп. Кезінде біздің аудиторияда С. Сейфуллин, М.Әуезов сынды біртуар тұлғалар дәріс берген болса, қазір бұл үрдіс З.Қабдолов, Ж.Әубәкіров, А.Лукиянов, Т.Көкішев сияқты академик, ұстаз-ғалымдарымыздың іс-әрекеттері арқылы жалғасын табады.

Бүгінде университет 175 шетелдік жоғары оқу орнымен қарым-қатынас жасайды. Олармен ғалымдар, студенттер алмасып, ғылыми жұмыстарды бірлесіп атқарудамыз.

Енді маман даярлаудың сапасы деген мәселеге аз-кем тоқталып өтсек. Ол Кеңес өкіметінің кезінде де, қазіргі кезде де өзінің реформалық сипатын еш жойған емес. Бір формациядан екінші бір формацияға өтіп жатқан тұста оның маңыздылығы тіпті арта түседі. Қазір бізге нарықтық экономика деген ұғым кіріп келе жатыр. Сонда онымен бірге қандай түсінік кіреді? Ол - әрине, капитал. Капитал қазір қоғамдық өмірдің барлық сферасына өзінің әсерін тигізуде. Капитал ұғымымен қоса-қабат келетін тағы бір мәселе бар. Ол - капиталдың адамның болмысына, сана-сезіміне әсер етуі. Кейбір жағдайда адамның болмысы азып-тозуға өкеліп соғуы мүмкін. Оны болдырмау үшін университеттерде тәрбие жұмысы біліммен бірге қатар жүруі қажет. Адамды адам қылып қалыптастыру керек. Бір сөзбен айтқанда,



Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ,
өл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дің ректоры

біздің ата-бабаларымыздың ұрпаққа қалдырған өлшеусіз мұрасы. Ол тек бір буынның ғана игілігі болуы мүмкін емес, ол - буыннан буынға, ұрпақтан ұрпаққа ары қарай өтетін қымбат қазына. Соның бәрін жеткізіп отырған біздің ата-бабаларымыз. Олардың сіңірген еңбектерін еске алып, құрметтеп, бүгінгі жастарға үлгі-өнеге етпегіміз парыз.

Қазақта “Білектің күшімен, найзаның ұшымен” деген тіркес айтылып жүр. Осы сөздің астарында үлкен мән жасырулы тұрғандай. Былай қарасақ, біздер осыншама жерді алып жатырмыз. Біздің оны тек қана “білектің күшімен, найзаның ұшымен” ғана мүмкін болған игілік деп түсінуіміз қате. Рас, жерінді жаудан найзаның ұшымен қорғауың мүмкін. Әйтсе де, найза жасау үшін де темір балқытарлық, оның геометриясын білгерлік білімнің болуы керек емес пе? Сондай құрал-

Меніңше, токетер байлам мынаған келіп саяды: шекарасын қанымен сызып кеткен біздің қайсар рухты, қайыспас мінезді бабаларымыз осынау алып территорияны даналық бітімінің, ақылдың кемелділігінің арқасында ғана аман алып қалған!

жарақ жасалатын жағдай қажет. Сонымен бірге, білектің күші де екінші мәндегі қажеттіліктей көрінеді маған. Меніңше, токетер байлам мынаған келіп саяды: шекарасын қанымен сызып кеткен біздің қайсар рухты, қайыспас мінезді бабаларымыз осынау алып территорияны даналық бітімінің, ақылдың кемелділігінің арқасында ғана аман алып қалған! Сондықтан “Найзаның



1-3 октября 2003 года в КазНУ имени аль-Фараби прошла III Международная научная конференция "Современные достижения физики и фундаментальное физическое образование". Организаторами конференции выступили Министерство образования и науки Республики Казахстан, физический факультет КазНУ и Научно-исследовательский институт экспериментальной и теоретической физики КазНУ (НИИЭТФ).

I Международная конференция по данной тематике впервые была организована в 1999 году, в год 40-летия физического факультета университета. Целью ее явилось налаживание связей между учеными различных направлений физики, между академической и вузовской наукой и внедрение новейших достижений фундаментальной и прикладной физики в учебный процесс.

Известно, что в современном мире процветание страны напрямую зависит от ее научно-технического потенциала, и с приобретением Казахстаном суверенитета появилась настоятельная потребность в сохранении старых и завоевании новых научных позиций в различных областях знания, в обеспечении сбалансированного развития смежных научных исследований. В особенности это

высококвалифицированными кадрами.

Неотъемлемой частью подготовки специалистов для экономики республики является проводимая вузами научно-исследовательская работа, ведь эффективность научной функции вуза непосредственным образом способствует повышению качества обучения будущих специалистов. Таким образом, стратегическая цель вузовской науки — стать базовым ресурсом непрерывного обновления, развития образовательных институтов и всего научно-технологического комплекса страны в условиях рыночной экономики.

Кроме того, в XX веке в связи со стремительным ростом объема накопленных знаний значительно возрос уровень узкой специализированности различных областей науки. В последние годы становится все более



Министерства образования и науки РК, член-корр. НАН РК В.И. Дробжев. Большой интерес и оживленную дискуссию вызвали пленарные доклады профессоров Ф.Б. Баймбетова, З.Ж. Жанабаева, В.Е. Мессерле, И.Л. Тажибаевой, К.Ш. Шункеева, посвященные новейшим исследованиям по актуальным проблемам различных областей физики.

Участники конференции отметили расширяющуюся географию конференции и

В честь славных юбилеев

25-26 сентября 2003 года в Алматы прошла Международная научная конференция "Ботаническая наука на службе устойчивого развития стран Центральной Азии", посвященная 75-летию заслуженного деятеля науки Республики Казахстан, академика НАН РК, доктора биологических наук, профессора Исы Омаровича Байтулина и 70-летию кафедры ботаники Казахского национального университета им. аль-Фараби.

На данной конференции прошло обсуждение достижений и проблем по макро- и микроморфологии растений, флоре и систематике растений, растительности и экспериментальной фитоценологии, растительным ресурсам и фитохимии, интродукции и акклиматизации растений, физиологии и генетики растений.

На современном этапе развития Казахстана и стран Центральной Азии главной задачей обеспечения роста уровня жизни населения является развитие биологической науки и в особенности ботанических исследований, достижения которых применяются во многих сферах жизни общества, образования, сельского хозяйства, в пищевой, легкой, металлургической промышленности, здравоохранении. Общеизвестно, что органический мир Земли, имеющий общее космическое планетарное значение, обязан обладанием своих свойств прежде всего зеленым растениям. Именно зеленые растения готовят пищу всему животному миру и человеку, являются основой жизни на Земле. Нерациональное использование растительных ресурсов приводит к потере биологического разнообразия. Поэтому ботанические исследования необходимы и важны для всего человечества.

Особо значима для кафедры ботаники и биологического факультета Казахского национального университета заслуга академика Исы Омаровича Байтулина. Более 20 лет жизни и деятельности И.О. Байтулина были связаны с биологическим факультетом КазНУ. Он был деканом с 1966 по 1975 год и одновременно заведовал кафедрой ботаники (1973-75 гг.). В этот период Иса Омарович осуществил огромную работу по организации новых направлений подготовки специалистов на кафедре. В 1963 году была открыта лаборатория по изучению корневого питания растений, которая вела подготовку специалистов в области ризологии. За долгие годы преподавательской деятельности им подготовлено целое поколение ученых-ботаников и педагогов высшей школы. По инициативе И.О. Байтулина в 1974 году были открыты три новые кафедры: микробиологии, биофизики, охраны природы, и начата подготовка кадров по этим специальностям.

В работе конференции приняли участие около 400 ученых, в том числе из США, Германии, Киргизии, России, Таджикистана, Туркмении и Узбекистана. Заслушано 134 доклада по актуальным вопросам современной ботаники.

По итогам работы конференции были выработаны плодотворные рекомендации, сделаны обобщения и внесены предложения по обеспечению дальнейшего научного развития ботаники, физиологии и генетики растений.

Пресс-служба КазНУ

Высшая школа: фундаментальная наука и образование



относится к физике и ее приложениям, которые всегда находились на переднем крае научно-технической революции.

В сложившихся социально-экономических условиях, при дефиците финансирования сохранение вузовской науки имеет огромное значение для развития республики, в укреплении и наращивании ее потенциала. Действительно, достижение долгосрочных целей, процветание Казахстана возможны только при наличии в стране образованного населения с высоким научным и творческим уровнем. Высшая школа — единственный источник пополнения общества молодыми

ясным, что изолированность научных исследований смежных направлений тормозит научно-технический прогресс и необходим новый тип организации научных работ, когда исследования в различных областях физики (а также химии, математики, биологии, социологии и других) объединяются на общей идейной основе.

В связи со всем вышесказанным и было принято решение о проведении Международной конференции "Современные достижения физики и фундаментальное физическое образование". Конференция имела несомненный успех, и было решено сделать ее традиционной. В нынешнем году она проводилась уже в третий раз.

Открытие и пленарное заседание конференции состоялось 1 октября в конференц-зале университета. Председательствовал ректор КазНУ, профессор Т.А. Кожамкулов. С приветственным словом к участникам конференции выступили вице-президент НАН РК, академик Б.Н. Мукашев, директор Института ядерной физики Национального ядерного центра РК, член-корр. НАН РК К.К. Кадыржанов, директор Института ионосферы

заинтересованную, рабочую атмосферу на секционных заседаниях. В работе конференции приняли участие около 150 ученых из всех регионов Казахстана (Астана, Караганда, Петропавловск, Актобе, Атырау, Актау, Уральск, Усть-Каменогорск, Кызыл-Орда, Тараз, Шымкент, Талдыкорган, Алматы), а также России (Москва, Санкт-Петербург, Томск), Беларуси, Кыргызстана, Украины, Узбекистана (Ташкент, Коканд). Соавторами некоторых докладов были ученые из Германии, Франции, США, Египта, Эстонии. Однако надо отметить, что по причинам в основном финансового характера большинство зарубежных авторов не смогло присутствовать на конференции.

В целом можно говорить о высоком уровне проводимой нами конференции и о том, что она, несомненно, способствует налаживанию связей между учеными-специалистами в различных отраслях физики, развитию вузовской науки и внедрению новейших достижений физики в учебный процесс.

А.Ж. НАУРЫЗБАЕВА,
Ученый секретарь НИИЭТФ

17-18 октября 2003 года в КазНУ им. аль-Фараби прошла Международная научная конференция "Духовное самоопределение человека и общества: первые Касымжановские чтения" и презентация аудитории имени А.Х. Касымжанова на факультете философии и политологии.

Данные мероприятия посвящены памяти выдающегося казахстанского философа, основателя интеллектуального знания в Казахстане, профессора Агына Хайруллоевича Касымжанова.

Человек как целый мир



живая традиция философского, в широком плане духовного наследия казахского народа. Он исследовал историю казахской философии с древних времен до конца XX столетия. По инициативе и при участии А.Х. Касымжанова в 1975 году была проведена Международная (Москва - Алматы - Багдад) конференция, посвященная 1100-летию аль-Фараби. Агын Хайруллоевич всегда был на переднем крае разработки самых актуальных проблем философской науки, способствуя

приращению славы отечественной философской школы. Благодаря его усилиям и поддержке защитили кандидатские диссертации более 70 аспирантов и 7 стали докторами наук. Он организовал и проводил Летние школы молодых философов, научные конференции различного уровня, читал лекции в университетах Бостона, Оклахомы, Тегерана. Еще не все труды философа изданы. В рамках нынешней конференции будут опубликованы его записи, материалы. На конференции ученики профессора, коллеги, друзья и родные с особой теплотой и почтением вспоминали Агына Хайруллоевича. "Мы пытаемся через А. Касымжанова разобраться в духовном мире общества, в очередной раз поговорить о сути и предмете философии, о сущности и субстанции мира", — отметил в своем выступлении доктор философских наук, профессор, член-корреспондент НАН РК Гарифолла Есим.

Отличительной чертой современного общественного развития, как известно, является универсальный характер проблем, связанных не только с материальной стороной жизни людей, но в большей степени — с



духовным самоопределением человека и социума. Духовность есть тот стержень, которой позволяет народу выжить, отстоять свою нравственность. Многие ученые и специалисты-практики достаточно давно заговорили о том, что фактически начавшийся глобальный кризис современности требует незамедлительного пересмотра взглядов людей на основополагающие принципы решения фундаментальных гуманитарных проблем наших дней. Данная конференция не имеет аналогов в Казахстане и положит начало таким научным форумам в будущем. Участники конференции единодушно пришли к мнению, что Касымжановские чтения необходимо сделать традиционными и проводить ежегодно.

В работе конференции приняли участие известные ученые США, Казахстана, России, а также ведущие преподаватели и аспиранты КазНУ им. аль-Фараби, Евразийского университета им. Л.Н. Гумилева, КазНТУ им. К.И. Сатпаева, Казахского женского пединститута и молодые ученые из региональных вузов республики.

Бэлла ОРЫНБЕТОВА



Жаңа бірлестік

Біздің университет әлімсақтан игі істерімен жастар болашағына даңғыл жол ашып келеді. Оны бүгінге дейін жеткен жетістіктеріміз бен әлемдік деңгейде алатын ерекше орнымыз дәлелдейді. Тағы да маңызды шаруалардың жалғасы іспетті, жастардың таланттарын шыңдау мақсатында 25 қыркүйек күні Жастардың рухани орталығы өз есігін айқара ашты.

РУХАНИ ОРТАЛЫҚТЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ



Ұлықбек ЕСДӨУЛЕТ


Осыған қала жастары мен ҚазҰУ студенттері белсенділік танытып, желіліп барды десек, асыра сілтегендік болмас. Қай жас болмасын, құдіретті Алла дарытқан өнерін ұштап, оның жемісіне кенелгісі келеді. Міне, ҚазҰУ өнерге, мәдениетке жанашыр болып, барша адамзат баласына сара жол салып, азат еліміздің әлемдік аренада танылуына сүбелі үлес қосып келеді. Заманға сай мамандарды даярлап шығаруды еншісіне алған университетіміз тек біліммен ғана емес, тәрбие мен өнерді қабыстырып

жаңғыртуды басты міндетіне алғандығын осындай игі бастамалар айғақтай түседі.

Сонымен, аталмыш кештің өрі мен нәрін келтіретін сәтті университеттің ректоры Төлеген Әбдісағиұлы осы орталықтың табалдырығында тұсауын кесіп ашты. Сонымен қатар, университеттің жас ақындар үйірмесінің жетекшісі, республикаға кеңінен танымал айтулы ақын О.Досбосынов ағынан ақтарыла арнау айтты. Сонан соң жүргізушілер университеттің ректоры Төлеген Әбдісағиұлына сөз кезегін берді. Өз сөзінде ректор мырза: “Дүниеге кең есік ашылды, жастарымыздың болашағы баянды болуына зор мүмкіндік туды. Елдің ертеңі жастар, сондықтан да біздің университетіміз жастардың болашағына айрықша көңіл бөледі. Тілімізді жаңғырту үшін бұл орталықтың маңызы зор. Ана тілімізді түп-тамырына дейін білуіміз керек. Кеше Махамбеттің 200 жылдық тойы рухымызды бір көтеріп тастаса, міне, соның жалғасы іспетті бүгін рухымызды тағы да асқақтатып жатырмыз. Еңбектеріңізге табыс, талмас қанат тілейміз. Қадамдарыңыз

күтты болсын!” - деп жүрегінің түбінен шыққан сөздерін жеткізді. Сондай-ақ, ұлтымыздың біртуар перзенті, университетіміздің ақсақалы З.Қабдолов қоғамдағы өзекті мәселелерге тоқталып, осы игі бастаманың мән-мағынасын алға тартты. Өзінің ағалық ризашылығын білдірді.

Осы рухани орталықтың ашылуына қонақ болып келген “Қазақ әдебиеті” газетінің бас редакторы Ұлықбек Есдөулет және Қазақконцерт



Зейнолла ҚАБДОЛОВ

арулары әсем киімдерімен кештің ажарын аша түсті. Ал, университетіміздің “Фараби сазы” оркестрі эстетикалық сезім ұялатты. Сондай-ақ, “Қоңыр қаз”, “Ахау, дүние”, “Көзімнің қарасы” әндері орындалып, көрермендерді асқақ сезімге бөледі.

Адамзаттың өмірінде жылдар, ғасырлар жалғасып, рух өзінің кемеліне жететіні ақиқат. Алайда, адамзат баласының ақыл-ойы өзенге қармақ тастағандай. Тылсым нәрсенің бәрін игеріп, оның жемісін көргенде рух сабақтастығы бірте-бірте үдейе түседі. Неге? Өйткені, рухани саладағы берік негіздер тұжырымды болып қаланады. Осыны ескеріп, рухсыздық етек алған шақта ҚазҰУ адамгершілік дағдыларына ықпал жасап отыр. Ендеше, құрметті студенттер, Сіздерге арналған Жастар рухани орталығы қол бұлғап шақырып тұр. Алдыда талай белестер мен асулар бар. Олай болса, осында өнерлеріңді ұштап, таланттарыңды шындай беріндер!

Ысқақ ДҮЙСЕМБАЙҰЛЫ



Алтынбек ҚОРАЗБАЕВ

Сұхбат

- Біздің бөлім көптеген мәдени іс-шараларды ұйымдастырып, жастардың қоғамдық белсенділігінің артуына күш салып жатыр. Ендігі жерде соларға тоқталып өтсек. Мәселен, біз факультет аумағындағы мәдени іс-шараларды айтпай-ақ, университет көлеміндегі ауызға алсақ та жетіп жатыр. Мұндай мәдени игілікті шаралар тек университет аумағымен шектеліп қалып жатқан жоқ. Республикалық, қалалық мәдени іс-шараларға қатысып, өзге оқу орындарының арасында ҚазҰУ-дің студенттері алға суырылып шығып жатқанын көргенде төбең көкке екі елі жетпей қалады. Әсіресе, қала деңгейінде мәдени іс-шаралар көп өтеді. Осындай дүбірлі кезеңде студенттеріміз ешқашан бізді жерге қаратып көрген жоқ. Қашан көрсен де мерейіміз үстем болып, өзге жоғары оқу орындарының арасында шоқтығымыз биік тұрады. Жұмысының нәтижесін көргенде бойыңды мақтаныш сезімдері билеп, қуанып қаласың.

-Иә, сіздердің қалың топтан қара үзіп, бөйгеде оқ бойы өзек келетіндеріңізге сүйсінеміз. Осындай биіктен көріне білу оңайлықпен бола қоймайтынын да білеміз. Студенттердің басын қосып, бір жұдырықтай жұмылдыратындарыңыздың сырын айта кетсеңіз.

- Біз сіз айтқан биіктерді тек ауызбіршілігіміздің арқасында алып жатырмыз. Қалың студент қауымының көңілін тауып, дұрыс бағыт беріп отыру да оңай шаруа емес. Мәселен, бұрын комсомолдар деген болды. Олар жалған ұран, қызыл жалаушалардың көлеңкесінде өсті. Комсомол жастар жоғары жақтың аузын бағып, солар не айтса соны істеп қана отырды. Ал, қазіргі кезең

Университет қабырғасында күнделікті өтіп жатқан мәдени іс-шараларға мұрындық болып, оны ұйымдастырып отыратын Тіл және тәрбие бөлімінің жұмысы ересен зор. Бұл күнде тіл мен тәрбие саласына бейжай қарауға әсте болмайтынын ескерсек, аталған бөлімнің жұмысы университет қабырғасында оқып жүрген жастарға ауадай қажет-ақ. Күнделікті көз алдымызда өтіп жататын тағылымы мол кештерді ұйымдастыруға мұрындық болып жүретін Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың орынбасары Г.Ә.Сәрсенбековаға жолығып, атқарып жатқан игі шаралары жайында әңгіме өрбіттік.



Гүлнәр ӘЛІБЕКҚЫЗЫ:

Біз жастардың еркін болғанын қалаймыз

мүлде бөлек, жоғары билік жастарға өздерінің идеологиясын жүргізе алмайды. Студент жастарға еркіндік берілген. Біз студенттердің неге қызығатынын біліп алып, сол арқылы олардың көңілдеріне жол табамыз. Еркін ойлы жастар университеттің қоғамдық жұмысына ерікті жағдайда араласып, өз ойларын айтып, сондай ауызбіршілікті жағдайда жұмыс жасаймыз. Біздің жұмысымыздың өрге басуы студенттердің ерікті түрде, жан-тәнімен жұмыс істеуінде жатыр ма деп ойлаймын. Сондай-ақ, айта кету керек, біздегі жұмыс жасайтын кейбір мамандар өз істерінің қас шебері. Мәселен, біздегі режиссерлер нағыз білікті мамандар. Олар да біздің жұмысымыздың алға жылжуына себепші болып жүргенін айта кетуіміз керек. Біздегі барлық үйірмеге өз ісіне шын берілген қыз-жігіттер тартылған. Солардың арқасында үнемі алғы

лектен көрініп жүрміз.
- Университет атынан қатысқан үлкен мәдени іс-шараларға тоқтала кетсеңіз.
- Ең бірінші ауызға алатын іс-шара “Алматы - арман қала” деген жоғары оқу орындары арасындағы фестивальға қатысып, бірінші орынға ие болғанымызды атап айтуға болады. Бұл фестивальға 2001 жылдан бері біздің университет жыл сайын белсенді түрде араласып келеді. Биыл отыз жоғары оқу орындарының арасынан суырылып шығып, университетіміздің мәртебесін асқақтата түстік. Білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орындары арасында “Жас толқын” фестивалін өткізіп тұрады. Бұл байқау ең алғаш Өскеменде өтті. Біз “Жас толқында” сұлулық байқауынан бас жүлдені олжаладық. Былтыр Тараз қаласында оған “Ақындар айтысы” наминациясы да қосылды.

- Жастарға тәрбие беру мақсаты жайында бірер сөз айтсаңыз.
- Жастардың тәрбиесіне жүрдім-бардым қарауға болмайды. Бұл күнде жер-жерде жастарымыз нашакорлыққа, маскүнемдікке әуес деп жиі айтылып жатады. Мұндай жаман әдеттерді айта бергенше бір уақыт оған тосқауыл болатын әрекеттер ұйымдастырмайтынына таң қаласың. Университетімізде студенттердің жаман әдетке мойын бұрмауы үшін түрлі мәдени, рухани мерекелік кештер ұйымдастырып, ізгілікке тәрбиелеп отырамыз. Мәселен, үш жыл қатарынан “Қозы мен Баян” күнін өткізіп келеміз. Біздің бұл ісіміз жастар арасында қолдау тауып, республикалық деңгейге көтерілді десек, артық айтқандық емес.

Бұрындары ауыл жастары, қала жастары деген бөлінушілік болушы еді. Қазір ондай бөлінушіліктің түбіріне балта шабылды. Біз екі жақты қызықтыратын шаралар ұйымдастырып, үнемі бастарын қосып жүреміз. Университеттің өзінің “Менің Қазақстаным!” байқауына барлық студенттеріміз бір кісдей қатысады. Сондай-ақ, жақында Жастардың рухани орталығын аштық. Драмалық үйірмелеріміз үздіксіз жұмыс жасауда. Студенттердің интеллектуалдық деңгейін көтеру үшін түрлі пікір-сайыс ұйымдастырып, жастардың ойларын ашық айтуына жағдай жасап отырамыз. Осындай нақты жұмыстардың арқасында оларды жаман әдеттерден сақтандырып отырмыз.
- Әңгімеңізге рахмет. Істеріңізге сәттілік тілейміз.
Ы.ЕГЕМБЕРДИЕВ

Факультетте

Көпен Келіп Кетті

“Күнсіз өмір қараңғы, күлкісіз көңіл қараңғы”, - деп, ел мен ер намысын егеулі найзасы қаламымен жалаулатып, сықақтың сар жөбесін сусылдатып, қазақы қалжыңның қанжарын қынынан суырып, әзілдің шүріп-песін басып жүрген елімізге танымал сатира өнерінің “снайпері” Көпен Әмірбек бастаған “Ара” журналының редакциясы жақында біздің университетімізде қонақта болып, журналистика факультетінің студенттерімен кездесті.

Кезінде еліміздегі жалғыз сын жанрына арналған осы “Ара” журналы белгілі бір себептерге байланысты жұмысын тоқтатқанда, Қалтай Мұхамеджанов: “Араның” жабылғаны - халықтың қара жамылғаны”, - деп қатты қынжылған екен. Сол “Ара” араға біраз уақыт салып, оқырманымен қауышқанына да тоғыз айдың жүзі болды.

Қазіргі қоғамда орын алып жатқан түрлі келеңсіз, көңілге көлеңке түсіретін жайттарды өзінің уытты тілімен түйреп, “мен-мін” дегендердің мінін ащы күлкісімен мойындатып, адами қалпының кейбір астарларын алға тартқан қысқа қайырымдарымен оқырманын тентіткен “Ара” сықақтың шырғалаң соқпағында өзіндік сара жол салып келеді.

Кездесуде “Араның” қызметкерлері “Қаймақ жеген тайлақ”, “Жан бір бөлек, заң бір бөлек”, “Парламентке сын” сияқты уытты әзілге толы қойылымдар мен әуелеген әсем әуезді өндерін студенттерге ұсынды. Көпшілік көкейінде жүрген көптеген сауалдарға жауап берді.

Соңында студенттердің ішінде сатираға қалам тербеп, өзіндік ой қозғап жүрген Бауыржан, Асхат сынды талапкерлер өз өлеңдерін оқып, Көпен ағаларының ақжолтай тілегін алды.

“Ара” ара болады, Шаққан жері жара болады, - деп оқырманының сенімін арқалап, үмітін үкілеген “Араға” біз де сатираның сара жолында сөт сапар тілейміз.

Айжан ПЕРНЕБЕКҚЫЗЫ



Өнер бәйгесі

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арналып Атырау қаласында өткен Қазақстан студент жастарының III Республикалық “Жас толқын” фестивалінде жаңа жетістіктерге қол жеткізді. Фестивальді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Х.Дос-мұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау облысының мәдениет басқармасы ұйымдастырды.

ҚазҰУ студенттері “Жас толқын” дипломанттары



Меруерт ҚУМАРОВА

“Жас толқын” фестивалін өткізудің негізгі мақсаты – жастардың шығармашылық өсуіне жол ашу, студенттердің қалың ортасынан шыққан дарынды жастарға қолдау көрсету.

Фестивальға халықтық музыка байқауы, халық өндері, эстрадалық өндер, би (халықтық, қазіргі заманғы, спорттық), Махамбеттің 200 жылдық мерейтойына арналған айтыс, спорттық жарыстар (Президенттік тест) секілді 7 номинация бойынша республиканың 20-дан астам жоғарғы оқу орындары қатысты. Жас өнерпаздарға әділ баға

берген қазылар алқасының құрамында белгілі мәдениет қайраткерлері Фариза Оңғарсынова, Қаршыға Ахмедияров, Илья Жақанов және т.б. болды.

өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері 6 номинация бойынша өнер көрсетті. “Махаббат” би тобы (жетекшісі журналистика факультетінің 2 курс магистранты Гаухар Асылбекова) мен айтыскер ақын Талант Арғын-

директоры Мақсат Арыстанбаев “Жас толқын” фестивалінің бағдарламасына жыл сайын жаңа номинация қосылса, ҚазҰУ жеңімпаз атанып келе жатқанын мақтанышпен айтады.

Келесі жылы Қостанай қаласында өтетін фестивальде ҚазҰУ-дің студенттері жаңа белестерден көрініп, шығармашылық табыстарға жететініне сеніммен қараймыз.

Б.ШЕГЕБАЙҰЛЫ



ТЫЛСЫМ

Психологиялық “Рух” клубы

өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің этникалық және педагогикалық психология кафедрасының жанынан ашылған психолог-студенттердің психологиялық “Рух” клубы 2000 жылдың 20 қарашасынан бастап жұмыс істеп, ғылыми және түрлі мәдени шараларды жүзеге асырып келеді.

“Рух” клубының мақсаты – жалпы адамзат баласының қоғамда өмір сүруіне қажетті рухани құндылықтарын дамытып, оны одан өрі қалыптастыруға бағыттау.

“Рух” түсінігі ежелгі ата-бабаларымыздың “жан” туралы ұғымнан туғандығы өмбеге аян. Сол кезінде “жан” үш деңгей бойынша анықталған. Оның біріншісі “шыбын-жан” делінсе, екіншісі “ет-жан”, соңғысы “рух-жан” деп аталған. “Шыбын-жан” - ұйқы кезінде адам жаны ұшып жүреді деген ұғыммен байланыстырылды. Сондықтан ежелгі заманда ақ “Байқап оятыңдар, шыбын жаны ұшып кетпесін”-деп айтқан. “Ет-жан” - қазақ халқы дене мен жанның тығыз байланыстығын ескеріп “Қай жерім ауырса, жаным сол жерде”-деген. “Рух-жан” - адам ұмтылысы мен армандарының көрінісі ретінде бейнеленген.

Біздің міндетіміз – жоғары білікті болашақ психолог мамандар ретінде қазіргі нарықтық еңбек жағдайына сәйкес қоғамға пайдалы қызмет ету.

Психологиялық “Рух” клубының мүшелері бүгінгі таңда қоғамға қажетті рухани құндылықтарды дамыту жолында елеулі істерімен көрініп те үлгерді. Жас психолог-студенттердің ұйымдастыруымен психологиялық тренингтер, дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізіліп, психологиялық әдебиеттер қазақ тіліне аударылды. Қазақстандық жастар саясатына қатысты маңызды сұрақтарды шешуге белсене араласып, өз ұсыныстарын бұқаралық ақпарат құралдары, яғни радио, теледидар, баспасөз арқылы бірнеше мәрте жариялап та үлгерді.

Сонымен қатар, “Рух” клубының мүшелері 2001 жылдың наурыз айында университеттің басқа да жастар бірлестіктерімен бірігіп “Тарлан” ғылыми-мәдени орталығын құрған.

2001 жылдың маусымында бұл ұйым жастардың “Арман қала – город НЕХТ” атты фестиваліне қатысып, “Жастар бірлігі – халық итілігі” деген тақырыпта арт-терапия жүргізді. Осы жылдың наурыз-қыркүйек айларында Қазақстан Республикасының жастар саясаты жөніндегі заң жобасын жасауға өз үлесін қосты.

Жақында клуб мүшелері “Отан” партиясының “Жас отан” жастар қанатына қабылданып, алға қойған мақсаттарынан одан өрі жалғастыруға бет бұрды.

“Рух” клубының жанапшырлары “XXI ғасыр – психология ғасыры” болатындығына кәміл сенеді. Олардың өз білімдерін тәжірибемен ұштасуына осы клубтың қол жеткізген табыстары үлкен көмегін тигізері сөзсіз.

“Рух” клубы - қазіргі кезеңнің рухани тыныс-тіршілігіндегі түсініксіз жағдайларды шешуге байланысты проблемаларды айқындап, оның дұрыс жолын табуға көмектесуден еш аянбайды.

Гүлназ ҚУАНЫШЕВА,
философия және саясаттану факультетінің 2 курс студенті

Обзор прессы

КазНУ на устах СМИ

Нынешний октябрь для КазНУ им. аль-Фараби оказался насыщенным на события университетского, республиканского и даже международного масштаба. Поэтому средства массовой информации говорили и писали о нас много и серьезно.

Начало месяца отмечено проведением 1-3 октября 3-ей Международной научной конференции “Современные достижения физики и фундаментальное физическое образование” (Казинформ, www.nkazinform.kz – 01.10.03 г., Казахское радио – 01.10.03 г., “Наука и высшая школа Казахстана” – 15.10.03 г.).

Важным событием и информационным поводом для СМИ стала прошедшая 8 октября научно-теоретическая конференция “Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран”, посвященная 300-летию Наурызбай батыра. Открытие конференции освещали телерадиокомпания Казахстана (Кешкі жаңалықтар, 08.10.03 г.), Қазақ радиосы (08.10.03 г.), 31 канал (аналитическая программа “Состояние. KZ”, 12.10.03 г.), НТК (Соңғы жаңалықтар, 08.10.03 г.), информационное агентство Казинформ (сайт от 08.10.03 г.), газеты “Казахстанская правда” (“Рыцарь казахской земли”, 10.10.03 г.), “Алматы ақшамы” (“Наурызбай батыр тағылымы”, 11.10.03 г.), информационно-образовательная газета “Хочу знать” (“К 300-летию Наурызбай батыра”, 8-15.10.03 г.).

Особый резонанс в научной и вузовской среде получило интервью с ректором университета Т.А. Кожамкуловым “Образование дорого, но и невежество не дешево” в газете “Известия-Казахстан”, 08.10.03 г.). Интервью является своего рода новым позиционированием КазНУ на образовательном рынке Казахстана. Для коллектива университета выступление ректора в печати стало программой дальнейшего развития КазНУ в условиях современного рынка и глобализации.

9 октября в КазНУ прошла встреча студентов с известным поэтом Мухтаром Шахановым, организованная литературными объединениями имени М. Ауэзова и М. Сералина. Об этом сообщили Казинформ (09.10.03 г.), НТК (Соңғы жаңалықтар,

09.10.03г.), газета “Казақ әдебиеті” (17.10.03г.).

“Я – студент КазНУ!” – под таким названием 16-17 октября в университете прошел традиционный студенческий праздник посвящения первокурсников в студенты, о котором сообщили Казинформ (16.10.03 г.), НТК (Соңғы жаңалықтар, Последние известия, 16.10.03 г.), газеты “Наука и высшая школа Казахстана”, “Алматы ақшамы”, (21.10.03 г.), “Туркестан” (16.10.03 г.).

Международная научная конференция “Духовное самоопределение человека и общества: первые Касымжановские чтения”, которую 17-18 октября провела кафедра философии и методологии социального познания факультета философии и политологии, была освещена на сайте агентства Казинформ и в газете “Алматы ақшамы” (23.10.03 г.).

Надо отметить, что СМИ не оставляют без своего внимания и достижения наших студентов. О творческих успехах студентов КазНУ Меруерт Кумаровой и Таланта Арғынғали на 3-ем Республиканском фестивале “Жас толқын” рассказали газеты “Алматы ақшамы” (21.10.03 г.) и “Наука и высшая школа Казахстана” (15.10.03 г.).

Под заголовками “Награда пришла из Туркменистана” (Жас алаш, 04.10.03 г.), “Подарок от Туркменбаши” (Алматы ақшамы, 09.10.03 г.), а также в прямом эфире Казахского радио (16.10.03 г.) и на сайте Казинформ (03.10.03 г.) прошла информация об успешном участии магистранта исторического факультета Абу Алпамыса в международном конкурсе, посвященном 10-летию принятой президентом Туркменистана Сапармуратом Ниязовым Декларации “Новое образование”.

Газета “Алматы ақшамы” (21.10.03 г.) написала о студенте 2-го курса факультета журналистики Руслане Болебаеве, удостоенном диплома лауреата 2-го Молодежного информационного форума “Кольцо Евразии”, состоявшегося в Алматы 9-11 октября нынешнего года.

И еще раз об особо значимом событии в сфере образования – подписании Казахским национальным университетом (первым среди вузов Казахстана и Центральной Азии) в сентябре в г. Болонья Великой хартии университетов мира – напомнила газета “Егемен Қазақстан” (18.10.03 г.).

Прес-служба КазНУ

Ана тілің - арың бұл...

Өзі отырған бұтағын өзі кескен

Таңертең әдеттегідей сабағыма асығып бара жаттым. “Маршрутканы” (қазақша баламасын таппадым) тоқтатып, ішіне кірдім. Адам лық толы, ауа жоқ. Қазақтың қарақат көз қызы: “Аялдамаға қарама-қарсы жерге тоқтаңызшы!” - деп айқай салды. Көлік жүргізушісі қазақтың жігіті екен, қыздың өтінішін елемей, ары қарай зымырай берді. Естімеген болар деп әлгі қызымыз өтінішін қайталады.

Дегенмен, нәтиже жоқ. “Остановите здесь” деп айқай салғаннан кейін барып, көлік тоқтады. Маған әлгі қыздың жүзінде ашу, ыза көлеңкесі көрінгендей болды. Жок, ол керек жерімнен асып кеттім-ау деп ашуланып отырған жоқ, оның жүрегін тілінің аянышты халіне деген ашу-ыза тілгілеп отыр. Бұл мысал - өмір атты өзеннен алынған тамшы ғана. Ащы тамшы.

Қазақстанның тәуелсіз ел болғанына 12 жыл уақыт өтті, құдайға шүкір! Мемлекеттің 12 жыл өмірі адам ғұмырының 12 минутына тең. 300 жыл қазақ тілі орыс тілінің аяқ астында тапталып, бас көтермеді. Ал, 12 жыл мен 300 жыл уақыт таразысына түсе алмайды. Дегенмен, тіліміздің мәртебесін көтеретін заман келген жоқ па? Әлгі көлік жүргізушісі сияқты қазақ қазақша ұқпаса,

еліміз мәңгірт болмай, кім болады? Ал, мәңгірт елдің тілі өрісін қалай алмақ?

Күнделікті тұрмыста: аялдамада, дүкендерде, автобус пен троллейбустарда, көшеде жан-жақтан бұлдыр-лаған орыс тілі естіліп жатады. Елбасы Н.Назарбаевтың: “Қазақ қазақпен қазақша сөйлеуі керек!”-деген өсиетін пір тұтып жүзеге асыру қиын ба? Бәрі де өзімізден басталады екен. Мысалы, “Кто последний?”, “Передайте, пожалуйста”, “Остановите здесь”, “Сколько стоит?”-деудің орнына: “Кім соңғы?”, “Мынаны беріп жіберіңізші”, “Мынаның құны қанша?”, “Осы жерге тоқтаңызшы” деп неге айтпасақ?

Мемлекеттік тіл мәселесін баспасөз беттері, көгілдір экран, радио толқыны қайта-қайта көтеріп, айтудан шаршамайды. Бұл мәңгілік шешілмес өзекті проблемаға айналғандай. Елдің болмысын айқындайтын ана тілі болмаса, халықтың кешегі келбетін, бүгінгі бет-бедерін, ертеңгі алар асуын көз алдына елестету мүмкін емес. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру - тәуелсіздік талабы. Тіл тағдыры - ел тағдыры. Сондықтан да, өзіміз отырған бұтағымызды өзіміз кесіп тастамайық, ағайын!

Динара АРЫНБАЕВА



Бұрынырақта Ризаш бақабақтан жасалған алқа тағып, шашына гүл қадап, арықтың жағасындағы балшықтан торт жасап, оның бетін әртүрлі жапырақтармен әрлеп, оны кепкенше күзетіп, абайсызда сол тортын жайылып жүрген бұзау немесе есек басып бүлдіріп кеткенде жылай салатын балғын шағында інісін де, сіңлісін де, әке-шешесін де, тіпті әрнәрсеге бір сөйлеп ұрса беретін апасын да - бәрі-бәрісін жақсы көретін. Солардың мейіріміне бөленгісі, соларға еркелегісі келетін.




Бейбіт САРЫБАЙ

ЖАТЖҰРТТЫҚТЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Өзімен тетелес сіңлісі мен інісіне өзінше өпке болып, кішкентай жүрегінен шыққан ғаламат мейірімге бөлеп қоятын. Алда-жалда ойыншыққа я болмаса шешесі тойдан алып келген мөмпәсиге таласып қалып, өзінің үлкендігін танытып, сіңлісін жылатып қойса, артынша-ақ өкініп, жұбатуға сөз таппай сасып қалып, қолындағы кәмпиттерін лақтыра салып, өзі де жылай салатын. Ойтпесіне сәбілігін жоғалтпаған таңғы шықтағы тазалығы сақталған айна көңілі жібермес еді. Әкесі еркелетіп тізесіне отырғызса, оны місе тұтпай мойнына шығып алатын. Бұның бәрі де балалық шақтың бақшасына ғана тән, тек соған ғана жарасатын, сонда ғана болатын бақыт пен мінез еді. Бірақ, осының бәрінің баянсыз, уақытша ғана екенін сол күндерде Ризаш түсінген жоқ еді. Ешкім тартып алмаса да сол бір балаң бақыттың, сол күндерде қалып қоярын кім білген.

Қырық бес минуттық сабағы бар мектептің жоғарғы сыныбына көшкенде баяғы еркеліктің жұрнағы да қалмады. Әке-шешесі еркелетпейді емес, еркелетеді. Бірақ, Ризаштың еркелегісі келмейді. Шындығында еркелей алмайды. Кей-кейде баяғы еркелігін сағынғанда әке-шешесінің алдында ерке қылықтар жасайды. Бірақ, жасанды болады да тұрады. Ал, жасандылық қашанда жарасымсыз емес пе? Інілерімен де бұрынғыдай алысып ойнай алмайды. Керісінше, олардың әрбір қылықтарын жақтырмай ренжи сөйлеп, тіпті кейде шарт кетіп ашуланып ұрсып та тастайтын. Бұл осылай істегесін інілілері де көп жақындай бермейтін. Міне, өстіп жүргенде араларында салқындықтың самалы есіп, белгісіз бір жатырқау сезімдер мен алшақтық пайда болған. Кейде барлығы дастархан басына жиналғанда бұл да әңгімеге араласып, күліп отырып ас ішетін. Бір өкініштісі, ұзаққа созылмайтын. Көп ұзамай тағы да шеттеп қалатын. Ешнәрсеге қызықпайтын. Ризаштың ойы мүлде басқа еді. Ол ығи да бір адам жайлы ойлайды. Түсіне де сол кіреді. Сол жайындағы тұңғыық ойлар мен тәтті қиялдарға берілудің ләззаты күшті болатын. Бір сәтке де жалыққан емес. Содан бөаса керек сылтау тауып, үйден гөрі мектепте көбірек болуға тырысатын. Онымен жольғыса қалса қуанышы қойнына сыймай, кездесе алмай қалса қамығып қайтатын. Жольғысқан күні ыңылдап ән айтып жүріп-үйдегі жұмыстардың бірде-бірін қалдырмай істеп тастайтын. Онысы аздай іні-сіңлілеріне күле қарап, күнде-күнде жасай бермейтін жұмысы көп лағман, түшпара сияқты ыңғай бір тәтті тағамдар дайындайтын. Ал, енді ғашығынан көңілі қалған күні (бұндай жағдайлар болып тұрады ғой) қиын болады. Бұл күні үй дұрыстап жиылмайды, еден жуылмайды, шаң сүртілмейді. Гүлдер де түк кінәсі жоқ болса да су ішпей қалады. Бұл күні отбасы мүшелері макаронды қанағат тұтады. Бәрі-бәрісін қойты, ең алғашқы сүйіскен түндері ше... Ризаш бұл түнді өмір бойы ұмытпақ емес. Сол түнгі риза-хош көңілдің ешбір қызық орнын баса алмайды.

Міне, Ризаштың отбасынан алыстап, салқын тартып, жатырқап жүруінің себебі. Бұл мұны бергін келе түсінді. Өзіне-өзі ызаланды. Ол кім еді? Шешемнен, іні-сіңлілерімнен артық па еді ол? Әрберіден кейін ешкім емес ол. Енді жақсы көрмеймін оны деп ашуланды да. Әй, қайдам. Өмірде бұлай болмайды. Осының бәрі қызға тән нәзіктік, әйелге тән әлсіздік емес пе? Өмір өз заңына бағындырады. Дәл осы жасында Ризаш бал дәуренімен қоштасты. Осы жасы бұның болмысына көптеген өзгерістер әкелді. Бұл да бір жылылығы мен салқыны араласа жауған жылы жаңбыр сияқты өтпелі кезең еді. Міне, қыз құпиясы. Бірақ, бұл құпияны шешесі білетін. Сондықтан әрбір ісіне түсіністікпен қарайтын. Өйткені, ол да қыз болған ғой бір кезде...



Гулайым
ЖАМБЫЛКЫЗЫ



Қыздардың бәрі жатжұрттық.

“Посвящение” дауы

“Посвящение” деген студент үшін өміріндегі ұмытылмас ең үлкен кештердің бірі. Бұл кешті әрбір студент асыға күтіп, үлкен құлшыныста болады. Осы кеш студенттің жоғарғы оқу орнына қабылдануы туралы кепілдеме сияқты. Сөйтіп, әр шәкірт осы мейрамын һәм қызықты ғып әрі есте қалатындай ғып өткізгісі келеді.

“Посвящение” кешін қалай өткіземіз, ол біткеннен кейін қайда барамыз деген сұрақ біздің ортамызға жеткен еді. Осы мәселені тобымызбен шешу үстінде жан-жақты талас-тартысқа, тіпті дауға кеп соқтықтық. Ортамызда біреуі бұл кешімізді түнгі клубта өткізейік десе, тағы біреуі кафеде я болмаса би кешінде өткізейік деп дауласады. Қысқасы, әрқайсысы өзінің барғысы келетін жерін алдыға тартты. Қайда барса да бәрібір ғой, ең бастысы осы кешті ұмытылмастай етіп өткізу.

Бірақ, сол түнгі клубта, кафеде, дискотекада адам баласы үшін ешқандай пайда жоқ екені бір жанға мәлім емес-ті. Күлліміз білетіндей жанағындай түнгі клуб, би кештеріне кіру ауқымды қаражатты талап етеді, бұнымыз бір делік. Ал, ондай ақша студенттерде қайдан болсын, болғанның өзінде де әке-шешесінің таннан кешке дейін терін төгіп тапқан ақшасы. Осындай термен, еңбекпен табылған ақшаны ондай бейберекетсіз жерге жұмсап, ысырап ету мүлдем дұрыс емес. Ал, екіншіден, сол жерлерге барды делік, онан алып шығатын қандай пайдасы бар? Ондай орындар әдетте лас, іші толған ішімдік әрі у-шудан құлағың



тынышталмайтыны айдан анық. Мұндай жер адамның адам болып қалыптасуына кері әсерін тигізіп, оның денсаулығына белгілі бір мөлшерде залал әкеледі. Осындай орындарға барғанша студенттер, жалпы жастар драма театрға, я болмаса концерт, айтыстарға барса, өздері үшін үлкен рухани азық алар еді. Олар театр арқылы ұлтының тарихымен, болмысымен жақынырақ таныса отырып, ертеңгі күні үшін дайындық жүргізер еді. Ал, клубта, дискотекада қолды көтеріп, асыр сап билегеннен басқа алар нәрі жоқ.

Қазіргі жастарымыз Батыстын

мәдениетіне қатты еліктейтіні адам жүрегіне үрей тудырады. Өйткені, бүгінгі жастар - ертеңгі болашағымыз өрі еліміздің тізгінін ұстайтын азаматтар емес пе?

Жалпы, кеше ғана ауылдан қалаға келген жастарымыздың бұзылып кетуіне не себеп бар екенін анықтау қиын-ақ. Бірде қаладағы қоғамның әсеріне түсті ме десек, бірде қалада “әй дейтін әже, қой дейтін қожа” жоқтығы ма дейсің.

Егер де театрға жолыңыз түсіп бара қалсаңыз, онда көрермендердің қатарында жасөспірімдердің кемде-кем екенін аңғарасыз. Олар дәл сол уақытта би кешінде, кинотеатрларда ешқандай құндылығы жоқ кино көріп, уақыттарын, ғұмырларын ысырап етуде.

Бұл мәселені құрбыларыма, достарыма түсіндіріп жеткізу барып тұрған азаптың өзі. Олар өзіне қарсы шығып, қазір клубқа бару өте “модно” деп, сенімен дауласуға дейін барады.

Сөйтіп, біз тобымызбен кешімізді қалай өткізетінімізді білмей мәрәсәміз шықты. Бұндай жағдайға ұшыраған студенттер көп шығар, кім білсін? Не дегенмен, айналамдағы құрбыларыма ақыл айтып, оларды сынамаймын, алайда, солардың әрқайсысы осы мәселені терең толғанса деймін.

Бір қуанарлығы, үстіміздегі жылдың 16-17 қазан күндері өткен Студенттер сарайындағы “Мен - ҚазҰУ студентімін!” атты мерекелік шара біз қозғап отырған мәселенің онды, дұрыс шешілген мысалындай болғаны анық. Осындай танымдық-тәлімдік мәні бар басқосулар көп бола бергей.

Жүсіп САҒЫН



Нұрлан СЫДЫҚ

Бүгінгі таңда еліміз азат болғаннан кейін министр атауы кең қолданыста жүр. Әсіресе, үкімет саласында десек қаталеспейміз. Атап айтқанда, премьер-министр, ішкі істер министрі, сыртқы істер министрі, т.б.

Министр атауы қайдан шыққан?

Бірақ бұл сөз елімізге, халқымызға, оның діліне тура келе ме? Онда ешкімнің шаруасы жоқ көрінеді. Баршамызға мәлім нәрсе - әр шетелдік сөздің өзіндік мағынасы, яғни қолданыстағы мағынасы және түп мағынасы болады. Түп мағынасы дегеніміз, сол сөздің шығу тегі, қайдан шыққаны. Ал, ондай болса министр атауының қайдан шыққанын тексеріп көрелік. Министр дегенде-ақ көз алдымызға мемлекет қызметшісін елестетеміз әрі солай түсінеміз. Ол расында да солай. Бірақ, бұл атау туралы біздің білмейтін жағымыз бар сияқты. Осыған тоқталып көрелік.

Министр сөзі сонау батыс елдерінен шыққан екен. Батыс елдерінде біздің елімізде сияқты министр мемлекет қарамағындағы

адам. Сонымен қатар, министр шіркеуде қызмет атқаратын адамдардың бірі болып табылады. Министр шіркеу қызметкері болса, біз бұл атауды мемлекетіміздің қызметкерлеріне қалай береміз? Бұл атаудың еліміздің діліне, дініне қайшы келетінін осы жерден-ақ аңғаруға болады.

Министр дегеннің орнынан ата-бабаларымыз қолданған үезір, болыс, уәли деген атауларды қолдансақ болмас па еді? Иә, бұл сұрақ адамды ойландырып, толғандырады. Осыдан барып біз Батысқа қатты еліктейтініміз анық көрінеді. Бір қарағанда бұндай атауды қолдануда ештеңе жоқ сияқты. Алайда, біздің ел - мұсылман, діні - ислам. Ал, Батыстың діні - христиан. Сондықтан да министр атауы оларға тура келеді.

Сол үшін біз шеттен кіріп жатқан сөздерге назар аударып, көңіл бөлгеніміз жөн.



Гулайым
ЖАМБЫЛКЫЗЫ

Осознаем мы это или нет, но каждый день, решая, что надеть, мы в какой-то мере руководствуемся модой. Ведь мода во многом определяет, какая одежда продается в магазинах. Даже та одежда, которая сегодня перешла в разряд повседневной, когда-то была пискком моды.

Модой движут два стремления: стремление к новизне и стремление быть как все.

ВТОРОЕ ЛИЦО МОДЫ

Почти всем нравится надевать что-нибудь новое. И порой мы покупаем одежду не потому, что старая сносилась, а потому, что нам просто хочется что-нибудь изменить. И вместе с тем, не желая быть белыми воронами, мы покупаем одежду по стилю похожую на ту, что носят вокруг. На протяжении веков производители одежды учитывают эти движущие силы.

В течение столетий законодателями моды были короли и знать. Например, в XVII веке французский король Людовик XIII стал носить парик, чтобы прикрыть свою лысину. Довольно скоро аристократы в Европе стали брить головы и тоже носить парик. В XX веке с развитием телекоммуникаций моду на одежду по всему миру стали диктовать звезды телевидения и кино. Крайностями в

Жарлы мазмұн

XX ғасыр нарық пен ақпарат заманы. Әр нәрсе тауар деп бағаланады. Нарықтың басты көзі жарнама, ал жарнаманың өзі сөзден құралады. Яғни, тілдің өзімен тікелей байланыстығын айтпаса да көрініп тұр.

Қаламыздың әр бұрышын жаулап алған түрлі-түсті жарнамалардағы қателер өз алдына бір бөлек проблема болып отыр. Мәселен, өзіміздің күнделікті өтіп жүрген Тимирязев пен Жандосов көшелерінің қиялысында орналасқан “Метро” клубын жарнамалайтын тақтада “к-си Жандосов” деп жазылып тұр. Және бірнеше жердегі гүл сататын орындарда “Гүлдер” деп жазылатыны да кездеседі. Жалпы, “Гүлдер” деп айтудың өзі грамматикалық мағынасы жағынан қате. Себебі, гүл деген жалпы мағынаны бергендіктен “дер” көптік жалғауының жұрнағын жалғау орынсыз. Тағы бір айта кетер жай, жарнаманың мазмұнын орысша жазып, соны қазақшаға аудару салатындары айдан анық. Мысалы, иеорттың жарнамасында “всегда свежее” дегенді “әрдайым уылжып тұрады” деп аударғанын бірнеше рет оқып-естітім.

Жалпы, жарнама қарапайым халыққа арналғандықтан оның тілі тартымды болумен қатар гүсінікті болуы керек.

Айжан ЕЛІМБЕКОВА

одежде отличались популярные музыканты, и их стиль быстро перенимали многие из молодежи. Сегодня почти ничего не изменилось: рекламодатели эффективно пользуются показами мод, журналами, плакатами, витринами магазинов и телерекламой, подогревая желание покупать новую одежду.

Несомненно, следуя за модой, можно стать более привлекательным и уверенным в себе. Правильно подобранная одежда помогает скрыть некоторые физические недостатки и подчеркнуть достоинства. То, как человек одет, может сказываться на отношении к нему других людей.

На не стоит забывать, что у мира моды есть и другое лицо. Любители ходить по магазинам могут обнаружить, что пополнение гардероба — процесс бесконечный. В этом кроется ловушка. Ведь индустрия моды предлагает все новые и новые фасоны. Дома моды зарабатывают больше денег, когда одежда быстро выходит из моды. Поэтому неискушенный покупатель чувствует себя обязанным покупать новую одежду, чтобы не отстать от моды.

Бәрекедді!

Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тағы да бір абыройға ие болды. Дәлірек айтсақ, тарих факультетінің 2 курс магистранты Әбу Алпамыс Түркіменбашының “Жаңаша білім” Декларациясының 10 жылдығына арналған халықаралық байқаудың жеңімпазы атанып, университетіміз сапалы білім кепілі екендігін айғақтай түсті.



Түркіменбашыдан тәбәрік



Талантты жастардың жолын ашуға мұрындық бола білетін ректорымыз Т. Қожамқұлов осы жетістікке орай Түркіменбашы Сапармұрат Ниязовтың қолтаңбасы қойылған “Рухнама” кітабын және Түркіменстанның Білім министрі М.Сарыхановтың байқау жеңімпазы атанғандығын растайтын дипломы мен алтын сағатты салтанатты түрде табыс етті. Байқаудың талабы бойынша С.Ниязовтың жарық көрген “Рухнама” атты еңбегіне өз көзқарасын білдірген Әбу Алпамыс: “Бұл байқаудың жеңімпазы атанамын деп мүлдем ойлаған жоқпын. Тек қана пікір білдірсем деген ниетпен “Рухнама” кітабын ой зердесінен өткізіп саралаған едім. Хақ Алла-Тағала олжаны ойламаған жерден бір сөтте-ақ енші етеді екен,” - деп ішкі тебіренісін ақтарыла білдірді. Айтпақшы, Түркіменстанның білім министрі М.Сарыханов өз қаржысымен Әбу Алпамысты арнайы шақыртып жатыр деген хабар келіп жетті. Алдағы уақытта, сөті түссе, сол елге барып қайтпақшы. Біз оған шын жүректен қашанда тыңға түрен салып, университетіміздің абыройын асқақтата бер демекпіз.

Әбу, өзінді осы ерекше жеңісіммен барша ұстаздар мен студенттер қауымы құттықтайды. Ендеше, келешегің жетістікке толы болсын!

Исмайл БАЙНАБАЙ

Форум

РУСЛАН ҮЗДІК ШЫҚТЫ



“Еуразия Айналымы” II Ақпараттық жастар форумы биыл Алматы қаласында өтті. “Еуразия Айналымы” Ақпараттық жастар форумы Еуразия елдерінің біржақты ақпараттық желісінің қалыптасуына және дамуына, XXI ғасырдың қоғамдық пікірін түзетін журналисттердің жаңа буынының өсуіне жол ашады. Форумның ұраны: “Жастық, дарындылық, жетістік!”

Биылғы жылы оған Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Өзбекстан, Германия, Эстония, Беларусь, Украина, Чехия елдерінің жасы 15-28 аралығындағы 100 талапкер жас журналист қатысты. Конкурс телехабар, радиохабар, баспасөз, жарнама, PR, фото, web-сайт номинациялары бойынша жүргізілді.

Қашанда жаңалықтың жаршысы болып жүретін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетінің 2 курс студенті Руслан Бөлебай осы Форумда баспасөз номинациясы бойынша I-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Аталмыш форумда өз білімділігі мен ізденімпаздығын дәлелдеп, жеңіс тұғырынан көрінген Руслан

Бөлебай былай дейді: “Бірнеше елдің кәсіби журналистері мен БАҚ өкілдері арасынан жүделі орын аламын деп ойлаған жоқпын. Әрине, бұл ең алдымен мен білім алып жатқан факультет, университет ұстаздарының еңбегінің жемісі. Сондықтан да, бұл жеңісімді университет мерейтойына арнаймын”.

Уақыт өз ырғағынан қалмауды талап ететін қазіргі заманда жастар көтеретін жүк жеңіл емес. Дегенмен, дарынды жастардың алдынан жеңістің туы әрдайым желбіреп тұрады. Біз жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болып шыққан жас журналист Р. Бөлебайға қанатты арман мен қарымды ойлар және шығармашылық табыстар тілейміз.

Өз тілшімізден

Иман

Дін және рухани байлық

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ келешектің тізгінін ұстайтын жастарға даңғыл жол көрсетіп, рухани дүниесін байытуға қарлығаштың талдырмаш қанатынан аққан тамшыдай болса да сүбелі үлесін қосып келеді. Бұл ғибадат жақсылықтың нышаны болса керек. Осындай ізгі істердің жалғасы 22 қазан күні университетіміздің Жастар рухани орталығында көрініс тапты. Онда келе жатқан қасиетті Рамазан айындағы оразаның ғибадатына орай Орталық мешіт қызметкерлерімен кездесу болып өтті.



Осы маңызды басқосуға жиналған жамағаттың басым көпшілігін студенттер қауымы құрады. Алланың ыстық ықыласы тасыған мүбәрак күнде күллі шайтандар кісенделіп, адамның асқақ сезімге боленетіні төңірегінде бас иманның орынбасары Жұмабаев Данияр қари мен Орталық діни басқарманың уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі Асхат Құрмашев тереңнен тағылымды әңгіме өрбітіп, оразаның несімен күнды екенін түсіндіріп берді. Кешті ҚазҰУ-дің Тәртіп сақтау жасағының жетекшісі Қ.Зарлиев жүргізіп отырды. Көңіл-көлімізге сәулесін түсірген құт-

береке мен рақым айының қасиеттілігі жөнінде студенттер толығырақ хабардан болып, илани шарапаттан төгілген рухани әлемнің өсемдіктерінен ғаламат шуаққа оранды. Осындайда адамзат баласының Хақ Аллаға ғибадат етуіне түрткі болып, осы ғажап кешті ұйымдастырған университетіміздің Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректорының орынбасары Гүлнар Әлібекқызына барша студенттер қалайша алғыс айтпаса деп Алланың рақымын тіледі. Ал, күйбең тірліктегі бітпес мұңнан бір сөтке жеңілденгенін сезінген студенттер терең ойға батып үлгеріне аяңдады. Иә, сезім

ірімдері сергелденнен шығарып, мәңгілік бақыттың есік ашып тұрғандығын аңғартты.

Алдағы уақытта да осындай кездесулер өтіп жатса, студенттердің рухани байлық алып, өмірге деген көзқарастарын нұрлы ететініміз айдан анық. Ал, біздің айтпағымыз қасетті Құранда Алла Тағала: “Ей иман еткендер, Сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей ораза парыз етілді”, - деп ерекше ескерткен болатын. Ендеше, мұсылман жамағат, ораза мүбәрак болсын!

Әділ СЫЗДЫҚ

ТӨРҮК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХЫН ТӘРБИЕЛЕГЕН ТҮЛҒАҒА ҚҰРМЕТ

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап төрүк халықтарының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени әлемінде есімі ерекше аталатын бірегей тұлға – Ысмағұлбек Гаспринский (Исмайлбей Гаспрәлі).

2001 жылы Ы.Гаспрәлінің 150 жылдығына орай Түркияның астанасы Анкара қаласында симпозиум өтті. Осы мәртебелі ғылыми мәжіліске әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика факультетінің доценті Аманқос Мектеп-тегі қатысып, арнайы баяндама жасаған болатын. Жуық арада сол симпозиум материалдары Анкарадан жеке жинақ болып жарық көрді. Полиграфиялық-дизайндық сәтті орындалған кітап Исмайлбей Гаспрәлі мен Зия Гөкалып симпозиумы материалдарына арналып, түрлі-түсті суреттермен әдемі безендірілген. Жинақты баспаға дайындап, қаржылай шығынын көтерген ТҮРКСОЙ ұйымы.

Өз тілшімізден


Тол баспамыз тартуы



“Қазақ университеті” баспасынан филология ғылымдарының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлының “Жазушы және заман шындығы” атты кітабы жарық көрді.

Қансейіт Әбдезұлы бұл кітабында әр жылдары республикалық мерзімді баспасөз бетінде жарық көрген әдеби-сын, әдеби-талдау мақалалары топтастырылған. Аталған мақалалардың негізгі арқауын - қазақ прозасындағы іргелі көркемдік ізденістердің бағыт-бағдары, жекелеген қаламгерлердің суреткерлік шеберлігі, тілдік, стильдік қолтаңбасы туралы ой-толғаулар құрайды. Осы арнадағы қазақ прозашыларының соңғы жиырма-жиырма бес жыл көлемінде қол жеткізе алған шығармашылық табыстары сөз болады.

Еңбек студенттерге, әдебиет пен өнер мұраларына ықылас қойып жүрген қалың оқырманға арналады.



Ұстаз-ғалым, журналист-жазушы Төрегелді Бекниязовтың “Халықаралық журналистиканың дамуы” атты оқулығы оқырманмен қауышты. Оқу құралында дамыған

елдер журналистикасы туралы жан-жақты мағлұмат беріледі. Еуропа және АҚШ журналистикасының арғы-бергі тарихы мен бүгінгі жайы кеңінен қамтылған. Сондай-ақ, халықаралық журналистиканың мәселелері, проблемалары, төжірібесі сөз болады.

Оқу құралы университеттердің журналистика факультеттері мен кафедраларының студенттеріне, оқытушыларына, жалпы халықаралық журналистика саласы қызықтыратын оқырманға арналған.

Мәрия МАЙЛЫҚҰЛОВА

ҚҰРЫТТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

- Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
- Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
- Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
- Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;
- М.Т. МҰҚАШЕВА - “Парасат” кәсіподағының төрайымы;
- Л. ҚАЙЫПОВА - студенттердің “Сұңқар” кәсіподағының төрайымы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

- Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;
- Бас редактордың орынбасары - Нәйлә Садыхова;
- Жауапты хатшы - Дариға Амангельдиева;
- Теруші - Айтгүл Бабасова;
- Көркемдеуші-беттеуші - Айдын Әбдібекұлы;
- Фототілші - МАМЫРЖАН.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Полиграфсервис” баспаханасында (Жандосов көшесі - 55) 28.10.2003 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 3000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. № 354 тапсырма.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

“Қазақ университетіне” жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

Тәлім

Ұлттық тәрбие ұйымтқысы

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығы 8 жылдан бері үздіксіз жұмыс істеп келеді. Ол жастардың ұлттық тәрбиесін, деформацияланған ұлттық мінезді қалыптастырумен айналысады. Орталық осы тақырыпта 12 ғылыми жинақ шығарып үлгерді. Сондай-ақ, әр айда ғалымдармен тәрбие саласында семинар ұйымдастырып, жыл сайын ақпан айында “Тәжібаев оқуларын” өткізіп тұрады.

Қазақстанның ғылым мен техникаға еңбегі сіңген қайраткері Қ. Жарықбаев жетекшілік ететін орталықта профессор Ә. Табылдиев, Ж.Түрікпенұлы секілді еліміздің ғылымы мен біліміне еңбегі сіңген ғалымдар, көргені көп тәлімгер ұстаздар қызмет етіп келеді.

24 қазан күні аталмыш орталықта Алматы қаласындағы орта мектеп директорлары орта білім беру мекемелеріндегі ұлттық тәрбиенің жай-күйі туралы ой бөлісу мақсатында дөңгелек үстел өткізді.

Білімді, саналы, рухы биік ұрпақты тәрбиелеу ұстаздардың басты міндеті. Жиында ұлттық тәрбиені негізге алған психологияны пән ретінде мектеп бағдарламасына енгізу мәселесі сөз болды. Аталмыш орталық республика бойынша тек ҚазҰУ-дің қарамағында ғана бар. Сондықтан болар, оның кең көсіле жұмыс істеуіне кедергі болатын жәйттер көп-ақ. Дегенмен, болашақ ұрпақты тәрбиелеуге үлкен үлес қосатын орталық бастамасы мектеп директорларын бей-жай қалдырмады.

Өз тілшімізден



Гулнара ӘЛІМБАЕВА, физика факультетінің 3 курс студенті

Сенбісің, сағым болып сабылтқан жыр, кел, мені көңілдендір, шабыттандыр! Не екенін махаббаттың сезінейін — не екенін сұлулықтың танытқан ер, кел, мені көңілдендір, шабыттандыр.

Жарасқан ӘБДІРАШ